

Целиноград ауданы Шалқар ауылдық округінің Шалқар ауылы елді мекенінің аумағындағы шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақмола облысы Целиноград ауданы Шалқар ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 ақпанда № 4646 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы Шалқар ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы Шалқар ауылдық округі әкімінің 20.07.2017 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Занының 10-1 бабаның 7) тармақшасына сәйкес, Целиноград ауданы мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық бас инспекторының 2014 жылғы 8 желтоқсан № 01-16-945 ұсынысы негізінде, Шалқар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Целиноград ауданы Шалқар ауылдық округінің Шалқар ауылы елді мекенінің аумағындағы ұсақ қара мал арасында бруцеллез жұқпалы ауру ошағының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар ауылдық
округінің әкімі:*

Қ.Нығметов